



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі: С. Мұса Сыздықбекова Ж.С.

БЕКТЕМІН

# ЖШС «МАЛЕНЬКИЙ ПРИНЦ» бөбекжай-бақшасының Оқу тәрбие жұмысының жылдық жоспары 2023 - 2024 оқу жылы



# Оқу тәрбие жұмысының жылдық жоспары 2023 - 2024 оқу жылы

## МАЗМҰНЫ

 **ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТЫ ТАЛДАУ:** 2022 – 2023 оқу жылындағы есебі

 **КІРІСПЕ** Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер

### I – БӨЛІМ

#### Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

- 1.1 «Дене шынықтыру» ҮІӨ
- 1.2 Режимдік сәттер (РС)
- 1.3 Денсаулық күндері (ДК)
- 1.4 Дене шынықтыру сауық кештері (ДШС))
- 1.5 Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)
- 1.6 Рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру (РТТҰ)
- 1.7 Медициналық – педагогикалық бақылау (МПБ)

### II – БӨЛІМ

#### Педагогикалық кадрлармен жұмыс

- 2.1. Педагогтарды аттстаттаудан өткізу (ПАӨ)
- 2.2. Біліктілікті арттыру (БА)
- 2.3. Озық тәжірибе (ОТ)
- 2.4. Әдістемелік бірлестік жұмысы (ӘБЖ)

### III – БӨЛІМ

#### Тәрбие - білім беру үдерісін ұйымдастыру

- 3.1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттері (ҮІӨ)
- 3.2. Білім беру процесінің ашық көрсетілімі (АК) Қорытынды енулер (ҚЕ)

**3.3. Педагогикалық кеңес (ПК)**

**3.4. Әдістемелік кеңес (ӘК)**

#### **IV – БӨЛІМ**



#### **Әлеуметпен жұмыс**

**4.1. Ата – аналар жиналасы (АЖ)**

**4.2. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер(ААКП)**

**4.3. Бірлескен іс-шаралар (БШ)**

**4.4. Басқа әлеуметтік серіктестер (БӘС)**

**4.5. Балабақшамен сабақтастық (БС)**

#### **V – БӨЛІМ**



#### **Бақылау мен басшылық**

**5.1. Фронтальді бақылау (ФБ), салыстырмалы бақылау (СБ), тақырыптық бақылау (ТБ), жедел бақылау (ЖБ), мониторинг (М)**

**5.2. Өндірістік кеңес (ӨК), Әкімшілік жиналыстар (ӘЖ)**

#### **ҚОСЫМШАЛАР:**

**1. САПАЛЫҚ ҚҰРАМ**

**2. МЕКТЕПШЕН САБАҚТАСТЫҚ**

**3. ЖШС «Маленький принц» бөбекжай – бақшасының СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ жөніндегі 2023 – 2024 жылға арналған іс-шараларының жоспары.**

## ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТЫ ТАЛДАУ

# ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының 2022 – 2023 оқу жылындағы есебі

### 1. Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету.

2022-2023 оқу жылына мектепке дейінгі жастағы дене тәрбиесі және оның мақсат-міндеттері нақтыланды. Балабақшаның күн тәртібіне сәйкес жұмыстар жасалынып, баланың күнделікті қайталанып отыратын іс-әрекеті, тынығатын кезеңдерінің нақты, белгілі бір жүйемен ауысып келуін көздейдейтін, тиімділігі ғылыми негізделген, үйреншікті өмір тәртібі негізінде балабақшада күн тәртібі жүйелі ұйымдастырылған. Баланың дұрыс өсуіне жағдай жасау үшін жас шамасына, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, денсаулығына, ата-аналардың жұмыс істеу уақытына байланысты құрылды.

Дене тәрбиесінде қажетті жағдайлар жасалынды, яғни, балалардың күтімі мен өсіуіне қолайлы мәдени – гигиеналық жағдай, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, гимнастика және қимылды ойындар, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығау, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану. Шынықтыру құралдары: ауа, су, күн. Күнделікті өмірде тәрбиеші бұларды сауықтыратын процедура түрінде, ауа және күн ваннасын, шомылу, сулы шүберекпен ысқылану, үстіне суық су құйыну түрінде пайдаланады.

Тәрбиешілер алғашқы күннен бастап жүйелі түрде балалардың күн тәртібін орындауға үйретіп, қадағалалап, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткізді.

Тәрбиеші балалармен жұмысты медбикемен тығыз бірлікте жүргізді. Тәрбиеші үнемі балалар арасында болып, оларды бақылап, іс-әрекет барысында басшылық жасап, байқағандары жайында медбикемен кеңесе отырып, сауықтыру шараларын жасады.

### 2. Мектепалды топ балаларының мектепке оқуға дайындық деңгейі.

Мектепалды даярлық білім беру жүйесінің бастапқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім берудің бастауыш мектеппен сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді және балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, олардың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіруге бағытталған. Мектепке даярлық – жоспарлы процесс болғандықтан мектепке барудың алдында ғана емес мектепке дейінгі кіші жастан бастап тек қана ұйымдастырылған іс әрекетінде емес, дербес әрекетте ойындарда, еңбекте, ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынаста дайындықты ұйымдастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектепке дейінгі жастағы балалардың дайындық деңгейіне және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруге талаптар айқындалған. Стандарта мектепке дейінгі ұйым бітірушісінің дайындық деңгейіне талаптар және туғаннан бастап 1 сыныпқа қабылданғанға дейін біліктері мен дағдыларының тізбесі айқындалған және Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын меңгеру барысында күтілетін нәтижелер берілген.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді:

бастапқы- оқу жылының басында (қыркүйекте);

аралық-оқу жылының ортасында (қаңтарда);

қорытынды-оқу жылының аяғында (мамырда)

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүргізді.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын анықтайтын диагностикалық материал: Мектепалды жасындағы балалармен жұмыс істеу үшін мынадай негізгі белгілері бойынша топтарға бөлінетін тесттерді білдіретін диагностикалық құралдар пайдаланылды:

- жеке және топтық (ұжымдық);
- вербальды және вербальды емес;
- сандық және сапалық;
- сатылы және балама;
- жалпы және арнайы.

Жеке тесттер әрбір тәрбиеленушімен жеке жұмыс істеуге, топтық тесттер бір уақытта бірнеше баланы тестілеуге мүмкіндік берді.

Вербальды тесттер балалардың өз пікірлерін талдауға, вербальды емес тесттер жалпылау мен қорытынды жасау үшін сөйлеуден басқа белгілерді қолданылды

Сандық тесттер зерттелетін қасиеттің даму дәрежесінің сандық көрсеткіштерін алуға, ал сапалық тесттер оның жан-жақты сипаттамасын беруге мүмкіндік берді.

Сатылы тесттер белгілі бір шкаланың көмегімен зерттелетін қасиеттің даму дәрежесін сандармен көрсетуге мүмкіндік берді; балама тек «иә» немесе «жоқ» сияқты екі ерекше тұжырымға мүмкіндік берді.

Жалпы тесттер жалпы сипаттағы кез-келген психологиялық қасиетті, мысалы жалпы интеллектті зерттеуге арналып, арнайы тесттер адамды басқа адамдардан ерекшелейтін белгілі бір қасиетті бағалауға арналған, мысалы вербальды немесе вербальды емес ойлау.

Зерттеулер ата-аналардың қатысуымен де жүргізілді. Зерттеу ерекшелігі – бұл баланың таңдауына, тіпті кездейсоқ әсер етуге болмайтын әдістер (мысалы, танымдық немесе ойын мотивінің үстемдігін анықтау). Басқа жағдайларда, тапсырмаларды орындау кезінде ата-аналардың қатысуымен болды.

Қажет болған жағдайда ата-аналарға баланы мектепке дайындау үшін үйде қандай ойындар, жаттығулар, іс-шаралар өткізуге болатындығы туралы ұсыныстар да берілді.

### **3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері.**

Кәсіби шеберлікті жетілдіру балабақшаның әрбір педагогі үшін қажеттілік болуы тиіс. Әркімнің жұмысы үшін жауапкершілігі әркімнің өз жұмысы үшін ұжым алдындағы жауапкершілігімен ұштастырылуы тиіс. ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы бойынша 2022-2023 оқу жылында әдіскер тәрбиешілердің біліктілігін өз бетінше арттыруға бақылау жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда қажетті әдебиеттерді зерделеуді, сөйлеуді дамыту әдістемесінің жекелеген мәселелері бойынша тәрбиешілерге кеңес береді, біліктілікті арттырудың жеке жоспарларын құрастыруға әдістемелік кеңестер ұсынылды. Өзін — өзі жетілдіру-бұл кәсіби шеберлікті жетілдірудің алғашқы сатысы. Әдістемелік кабинетте ол үшін қажетті жағдайлар жасалған: анықтамалық және әдістемелік әдебиетпен, педагогтардың жұмыс тәжірибесімен кітапхана бөлімі үнемі жаңартылып отырады. Әдістемелік журналдар жылдар бойынша

оқылып, жүйеленіп қана қоймай, тақырыптық каталогтарды құрастыру үшін қолданылады, өз білімін таңдаған педагогке, танысуға көмектеседі.

Біліктілікті арттыру курстары педагогке өзінің кәсіби деңгейін арттыруға, озық педагогикалық тәжірибемен танысуға мүмкіндік беретінін, педагогтың мектепке дейінгі балаларды дамыту проблемаларына қазіргі заманғы тәсілдерді түсінуін қамтамасыз ететінін, қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі туралы білім мен түсініктерді жүйелейтіндігін атап өту қажет, онда оны дараландыруға, балаларды әлеуметтендіру мен дараландыру үшін жағдай жасауға ерекше назар аударылады. 2022-2023 оқу жылында ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы бойынша педагогтар өз білімдерін 100 пайыз қамтылды.

Мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары арасында ең көп таралған прогрессивті педагогикалық тәжірибені жинақтау формалары мақала жазу және презентация болып табылады. Биылғы жылы балабақша педагогтары «Тағлым», «Білім айнасы», «Бала мен балабақша» журналдарына өз мақалаларын жариялап, сертификаттармен, құрмет грамотасымен марапатталды.

Оқыту семинарлары педагогтардың біліктілігін арттырудың ең нәтижелі түрі болып табылады: оларға негізгі назар олардың теориялық дайындығын арттыруға бөлінеді. Оқыту семинарларын ұйымдастырудың қажетті шарты барлық педагогтардың барынша қатысуы болуы тиіс. Балабақша педагогтері облыстық, қалалық балабақша ішілік семинарларға белсене қатысып өз білімдерін шыңдап жетілдіріп тұрады. Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әр түрлі кеңестер, іс-шаралар өткізіледі. Олар балабақша тәрбиешілерінің, логопедтердің және басқа да мамандардың танымдық қызығушылықтарымен байланысты. Сонымен қатар балабақшада біліктілікті арттырудың тағы бір түрі педагогикалық тренингтер болып табылады.

Балабақша психологы педагогтермен: педагогикалық проблеманы талдау бойынша жеке жұмыс; қойылған іздеу тапсырмасын шешу бойынша әріптестер тобымен жұмыс; іскерлік ойын өткізу; әдістемелік ұсыныстар жүргізіп, өз білімдерін жетілдіруге көп ықпалын тигізді.

Қазіргі таңда балабақшада әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдері қажет. Ең алдымен, тәрбиешілердің белсенділігі мен бастамаларын арттыру үшін, олардың шығармашылық ізденістерін ояту және көтермелеу үшін жағдай жасау керек.

#### **4. Тәрбиеленушілердің ата-аналармен өзара байланыс.**

2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жүргізудегі мақсаты балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Балабақшада өткен оқу жылы барысында мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді, тәрбиелеу - білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру үшін ата-аналарды балабақша ішілік іс-шараларға белсене қатысуға шақырды. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын іске асыру үшін жайлы жағдай жасауда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен ата-аналары арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау мақсатында балабақша педагогтары мен психологы жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы орайда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды. Ата-аналармен бірге «Балабақшаға кітап

сыйла», «Киндер ойыншықтары», «Алтын сақа», «Көңілді қақпақтар» атты акциялар ұйымдастырылды. Қазіргі таңда балабақшамызда «Құм терапия», «Асық», «Ұлттық құндылықтар», «Монтессорий», «Шығармашылық», «Зерттеуші» орталықтары ашылды. Орталықтар, тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Балабақшамызда «Әжелер», «Аналар», «Әкелер» мектептері құрылды. «Әжелер» мектебі, 22 наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Әз-Наурыз» мерекесі балабақшада 1 апта бойы үлкен іс-шара өткізілді. Мереке қарсаңында «Ақ жаулықты әжеміз» әжелер байқауында әжелер өз өнерлерін көрсетсе, «Ақыл сұра үлкеннен» атты дөңгелек үстелде әжелеріміз жастарға үлгі – өнеге, ақыл- кеңестерімен бөлісті. Ертеңгіліктерде «Шашу», «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салт-дәстүрлері сахналанып көрсетілді. Бұл ұйымдастырылған шаралар әр отбасында қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани жаңғыруына жұмылдырылған. «Аналар» мектебі бойынша, аналарымызды «Домбыра» тартуға шақырдық. Сонымен қатар, балабақшамызда түрлі ертеңгіліктерге ата-аналар жоғары деңгейде қатысады. Сәуір айында «Ашық есік күні» өткізілді, балабақшамыздың барлық ата-аналары қатысты. «Ашық есік күнінің» мақсаты, ата-аналар балабақшаның тыныс тіршілігімен, сондай-ақ, баланың күні бойы іс әрекетін бақылайды. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

#### **5. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары.**

Әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасар балабақшаны шаруашылық қамтамасыз етуді ұйымдастырды. Жайлардың жағдайына қарай, жиһаз, ыдыс, құрал-жабдық пен ойыншықтар сатып алынды. Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмыстарға басшылық жасап, балабақша айналасындағы қураған ағаш бұтақтары қырқылды. Гүлзардағы раушан гүлдері кесіліп, көміліп қысқа дайындалды. Балабақша ауласы, ойын алаңдары әктеліп, сырланды. Өртке қарсы және балалар мен ересектер қауіпсіздігінің басқа да шарттарының орындалуын қадағалалап, іс-шаралар өткізілді.

Қысқа дайындық жұмыстары ұйымдастырылып, жылу жүйесін жылу кезеңіне дайындау, үрлеу жұмыстары жүргізілді. Балабақшалар қызметкерлеріне арналған Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес педагогикалық және қызмет көрсетуші персонал жұмысын ұйымдастыру мәселелері басқаруда ерекше орын алады.

# КІРІСПЕ

## Жаңа оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттер

### МАҚСАТЫ:

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерімен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.

### МІНДЕТТЕРІ:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.



# I – БӨЛІМ

## Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

**Мақсаты:** Балалардың өмірін қорғау және денсаулықтарын нығайту бойынша жұмыстарды жандандыру, баланың физикалық дамуын жетілдіру.

ТАҚЫРЫБЫ	НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ	ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР
<b>1.1 «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» (ДШ)</b>	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына сәйкес өткізу. Тақырыптық бақылау Қорытынды бақылау	Аптасына 3 рет (күн сайын)  Кезінде	Тәрбиешілер Меңгеруші Әдіскер
<b>1.2 РЕЖИМДІК СӘТТЕР (РС)</b> (Таңертеңгілік жаттығу, Физкультминуткалар, Таза ауадағы серуен, Түскі ас, Ұйқыдан кейінгі гимнастика)	<b>Режимдік сәттерді (РС) бақылау</b> <b>Алдын-ала бақылау</b> – режимдік сәттерді орындау барысында орын алатын қателіктердің алдын-алу. <b>Тақырыптық бақылау</b> – режимдік сәттерде мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру барысын қадағалау <b>Шұғыл бақылау</b> – түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру шараларының орындалуы <b>Қорытынды бақылау</b> – қалыптастырылған мәдени-гигиеналық шаралар нәтижесін шығару	Жыл бойы Қыркүйек  Қазан  Қаңтар  Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Медбике
<b>1.3 ДЕНСАУЛЫҚ КҮНДЕРІ (ДК)</b>	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулары Жас ерекшелік топтарына сәйкес денсаулық сақтау және нығайту шараларын ұйымдастыру МБМ санитарлық – тазалық тәртібін бақылау Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына бақылау Балаларды дене шынықтыру дайындығы мен физикалық дамуының талдауы Сауықтыру іс – шараларын өткізу	Жыл бойы	Медбике  Топ тәрбиешілері

**1.4 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САУЫҚ – КЕШТЕРІ (ДШС)**  
(айына 1 рет)

ЖЫЛ МЕЗГІЛІ	АЙЛАР	КІШІ ЖӘНЕ ОРТАҒЫ ТОПТАР	ЕРЕСЕКТЕР, МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАР	ЖАУАПТЫЛАР
КҮЗ	Қыркүйек	Спорттық кеш: « <i>Спорттық жастар</i> »	Спорттық кеш: « <i>Кім жылдам?</i> »	Топ тәрбиешілері Саз жетекші
	Қазан	Спорттық кеш: « <i>Көңілді топ</i> »	Спорттық кеш: « <i>Дені саудың жаны сау!</i> »	
	Қараша	Денсаулық күні: « <i>Денсаулық еліне саясат</i> »	Денсаулық күні: « <i>Денсаулық еліне саяхат</i> »	
ҚЫС	Желтоқсан	Спорттық кеш: « <i>Біз аяздан, қорықпаймыз</i> »	Спорттық кеш: « <i>Қыс күштілер, батырлар, ептілер үшін</i> »	
	Қаңтар	Спорттық мереке: « <i>Қыс қызығы</i> »	Спорттық мереке: « <i>Қыс қызығы</i> »	
	Ақпан	Денсаулық күні: « <i>Дені сау отбасы – ұлт келешегі</i> »	Денсаулық күні: « <i>Таза ауа жасасын!</i> »	
КӨКТЕМ	Наурыз	Спорттық кеш: « <i>Бақытты балалық</i> »	Спорттық кеш: « <i>Шынықсаң шымыр боласың</i> »	
	Сәуір	Денсаулық күні: « <i>Қазақтың ұлттық ойындары</i> »	Денсаулық күні: « <i>Қазақтың ұлттық ойындары</i> »	
	Мамыр	Спорттық кеш: « <i>Әкем, шешем және мен</i> »	Спорттық кеш: « <i>Таза ауа жасасын!</i> »	
ЖАЗ	Маусым	Балаларды қорғау күніне арналған спорттық мереке Спорттық кеш: « <i>Шағын бассейнде су ойындары</i> »	Балаларды қорғау күніне арналған спорттық мереке Спорттық кеш: « <i>Біздің нағыз досымыз – күн, ауа және су</i> »	
	Шілде	Спорттық мереке: « <i>Жаз қызығы</i> »	Спорттық мереке: « <i>Жаз қызығы</i> »	
	Тамыз	Денсаулық күні: « <i>Күн, ауа, су арқылы денемізді сауықтырайық</i> »	Денсаулық күні: « <i>Күн, ауа, су арқылы денемізді сауықтырайық</i> »	

## 1.5 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕРЕКЕЛЕРІ (ДШМ)

(жылына 2 рет)

ЖЫЛ МЕЗГІЛІ	АЙЛАР	КІШІ ЖӘНЕ ОРТАҒЫ ТОПТАР	ЕРЕСЕКТЕР, МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАР	ЖАУАПТЫЛАР
ҚЫС	Желтоқсан	«Біз бақытты балдырған!», «Мы здоровые ребята!»	«Мы за здоровый образ жизни!» «Дені саудың, жаны сау»	Топ тәрбиешілері  Саз жетекші
	Қаңтар	«Балақайлар эстафетасы!» «Мы спортсмены!»	«Мы дошколята-здоровые ребята!» «Біз балдырған балалар»	
	Ақпан	«Дені сау отбасы-ұлт келешегі!»	«Денсаулық еліне саяхат!» «Веселые забавы!»	
КӨКТЕМ	Наурыз	«Көңілді доптар!» «Гимнастика на свежем воздухе!»	«Чтобы никогда не болеть...», «Шынықсаң, шымыр боларсын!»	
	Сәуір	«1,2,3 Бойға жинап күш!», «Здоровье это сила!»	«Көңілді старт», «Веселый старт»	
	Мамыр	«Жануарлар жарысы», «Эстафета зверей!»	«Полезные витамины!» , «Пайдалы дәрумендер»	

## 1.6 РАЦИОНАЛДЫ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ (РТТУ)

### БАЛАЛАРДЫҢ ТАМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ:

Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді.

Біздің балабақшада күніне 4 рет тамақтанады:

**Таңғы ас** – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр бутерброды.

**Түскі ас** – өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар (қияр, қызанақ, сәбіз, қырыққабат)  
Бірінші ыстық тағам - щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер.

**Екінше тағам** - гарнирмен ет, балық, тауық

**Үшінші тағам** – балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель.

**Бесін ас** - сүт ботқалары, сүт, ішетін йогурт, шырын, балшырын, лимон қосылған шай, печенье, кондитерлік бұйымдар, тоқаштар.

Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

№	ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	БАҚЫЛАУ ТҮРІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келуін қадағалау. Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілмеуін бақылау.	Үнемі Жедел бақылау	Меңгеруші Қоймашы Медбике Аспазшылар
2	Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өнделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапалы болуын қадағалау.	Кезінде Жедел бақылау	Меңгеруші Қоймашы Медбике Аспазшылар
3	Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болуын қадағалау Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)	Үнемі Жедел бақылау	Меңгеруші Қоймашы Медбике Аспазшылар

### 1.7 МЕДЕЦИНАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ (МПБ)

№	ІС ШАРА ТҮРІ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	1. Антропометрия (баланың, дене өлшемін, бой, салмағын өлшеу) 2. «Тазалықты сүйеміз» ҮІӨ	Қазан	Медбике Топ тәрбиешілері
2	1. Лақтыру және секіру қашықтығын анықтау 2. «Мы любим втиамины» ҮІӨ	Сәуір	Медбике Топ тәрбиешілері

## II – БӨЛІМ

### Педагогикалық кадрлармен жұмыс

#### 2.1 ПЕДАГОГТАРЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ (ПАӨ)

№	ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ
1	Аттестаттау комиссия құру, АҚ құрамы туралы бұйрық	Кезінде	Меңгеруші Әдіскер
2	Аттестатталушыға қажетті құжаттарды дайындау, Аттестатталушының өтінішін қабылдау .	Кезінде	Әдіскер
3	Аттестаттау өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндірме жұмысын жүргізу	Кезінде	Әдіскер
4	Аттестаттау комиссиясының бекіткен шешімі бойынша қызметкердің аттестаттау парағын толтыру	Кезінде	Әдіскер
5	<b>Сараптау комиссияның жұмысы:</b> а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен әңгімелесу; ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Кезінде	Сараптау комиссиясы
6	<b>Сараптау комиссияның жұмысы:</b> ● Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу; ● Іс-құжаттар папкаларымен танысу; ● Аттестаттау парағын толтыру; ● Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; ● Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Оқу жылы барысында  Кезінде	Сараптау комиссиясы
7	Аттестаттаудан өткен қызметкердің аттестаттау парағы және оған берілген біліктілік санатын беру туралы / куәлігін/ меңгеруші бекіткен қызметтік тізім журналына енгізу	Кезінде	
8	Келесі аттестаттаудан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін	Кезінде	Аттестаттау комиссиясы

алу және деректер базасына енгізу.		
------------------------------------	--	--

## 2.2 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ (БА)

1. Оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру және кеңейту мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімдерін жетілдіру, кеңейту.
2. Өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу.
3. Озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру.
4. Педагогтердің, тәрбиешілердің жалпы біліктілік білімділік деңгейін жетілдіру
5. Күнделікті ақпаратпен жұмыстану. Интернет.
6. Өздігінен білім алу көздері: семинарлар, конференциялар, шебер сынып, біліктілік жетілдіру курстары, ашық оқу қызметтеріне қатысу.
7. Еліміздегі саясаттағы, мәдениеттегі, экономикадағы жаңалықтардан хабардар болу. Өзінің жалпы мәдениетін, құқықтық білімін көтеріп отыру.
8. Балабақшадағы, қаладағы немесе еліміздегі әріптестермен байланысу, интернет арқылы білім алмасу.

№	ПЕДАГОГТЫҢ АТЫ-ЖӨНІ	ҚЫЗМЕТІ	БІЛІМДІ ҚАЙТА КӨТЕРУ КУРСЫН ӨТУ МЕРЗІМДЕРІ					
			2023 ж	2024ж	2025ж	2026ж	2027ж	2028ж
1	Сыздықбекова Жупаркуль Саттаровна	Меңгеруші		Зейнеткерлік жаста				
2	Тажибекова Кулжан Пернебаевна	Әдіскер	+			+		
3	Раева Айгерім Асқарқызы	Ән жетекшісі		+				
4	Нуржигитова Рахима Абдиразақовна	Қазақ тілі мұғалімі	+					
5	Рысбекова Лаззат Исаевна	Тәрбиеші				+		
6	Сейдумарова Гульшахар Молдахметовна	Тәрбиеші		+				
7	Саттар Меруерт Нұрланқызы	Тәрбиеші	+			+		
8	Пернебаева Асия Сапарбайқызы	Тәрбиеші	+			+		
9	Сартаева Балнур Ержигитовна	Тәрбиеші	+			+		
10	Аккулова Айнур Кожатаевна	Тәрбиеші		+				
11	Нуржигитова Рахима Абдиразақовна	Тәрбиеші	+			+		
12	Ілияс Салтанат Бақытжанқызы	Тәрбиеші	+			+		
13	Үсенова Салтанат Мүтәліпқызы	Тәрбиеші	+			+		

## 2.3 ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ (ОТ)

### 2.4

**Мақсаты:** кәсіби шеберлікті жетілдіру, тәжірибе алмасу.

№	АТЫ – ЖӨНІ	ТАҚЫРЫБЫ	ТАРАТУ ТҮРІ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ
1	Сартаевна Балнур Ержигитовна	Проект «ДАВАЙТЕ БЕРЕЧЬ ПРИРОДУ»	Тәжірибені балалардың ұйымдастырылған іс- әрекетін жүргізуде қолдану	Жыл бойына	Әдіскер

## 2.4 ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ЖҰМЫСЫ (ӘБЖ)

**Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары:**

**Мақсаты:** тәрбиеленушінің шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру;

**Міндеттері:**

- мектепке дейінгі мекеменің материалды-техникалық базасын нығайту және жетілдіру;
- педагогтардың мониторинг нәтижелерін практикалық қызметте қолдану мүмкіндіктерін жасау;
- инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі бойынша педагогтар арасында тәжірибе алмасу жүйесін ұйымдастыру;

**Күтілетін нәтиже:**

- Педагогтардың «инновациялық технологияларды қолдану» деңгейін анықтау;
- инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану бойынша педагогтардың қызметіне талдау жасау;
- педагогтардың озық тәжірибелерін насихаттау;
- ұсыныстар жасау және әдістемелік құралдар әзірлеу;
- педагогтардың шеберлігін жетілдіру, жұмыс тәжірибесін қалалық, облыстық, республикалық деңгейде тарату: іс-тәжірибеде алмасу; тұсау кесерлер ұйымдастыру; әдістемелік көрмелер; шығармашылық есеп.

**2023 – 2024 оқу жылындағы бірлестік мүшелері**

№	«ТРИЗ» әдістемелік орталығы мүшелері	«Дамыта оқыту» әдістемелік орталығы мүшелері	«Денсаулық» әдістемелік орталығы мүшелері
1	Жетекші Сартаева Б.Е	Жетекші Нуржигитова Р.А	Жетекші РАева А.А
2	Саттар М.Н	Сейдумарова Г.М	Рысбекова Л.И
3	Пернебаева А.С	Аккулова А.К	Ілияс С.Б

**Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары**

№	ІС-ШАРАЛАР	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ
1	Жаңа оқу жылына жоспарлар құру	Қыркүйектің 1- аптасы	ӘО мүшелері
2	Жұмыс жоспарларын бекіту	Қыркүйектің 2- аптасы	ӘО мүшелері
3	Педагогикалық құжаттарды талдау	Қыркүйек	ӘО мүшелері
4	Семинарларды ұйымдастыру, өткізу	Жоспар бойынша	ӘО мүшелері
5	Пед кеңестерді өткізуде көмек көрсету	Жыл бойы	ӘО мүшелері
6	Педагогтардың жұмысын талдау	Наурыз	ӘО мүшелері
7	ӘО жұмыс бойынша есеп	Мамыр, қорытынды пед кеңес	Әдістемелік орталық жетекшісі



### III – БӨЛІМ

## Тәрбие - білім беру үдерісін ұйымдастыру

### 3.1 АШЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ (ҮІӘ)

№	ТОПТАР	ТАҚЫРЫБЫ	МЕРЗІМІ
1	Ортаңғы	«Фиксика бізде қонақта» (сенсорлық ойындар)	Қазан
2	Ересек	«Гномдар әлемі» (квест-ойын)	Қазан
	Мектепалды топ	«Кім күшті, кім епті, кім жылдам?» (көңілді степ-аэробика)	Қазан
	Ортаңғы	«Фланелеграф — занимательная и увлекательная игра»	Қазан
3	Ересек	«Огонь – друг, огонь – враг» (юные пожарные сюжетно-ролевая игра)	Қараша
4	Ересек	«Қызықты тапсырмалар» (квест-ойын)	Қараша
5	Ортаңғы	«Нас окружает удивительный мир» (5 дағдыны кіріктіру)	Қараша
6	Ортаңғы	«Сиқырлы магнит»	Қараша
7	Мектепалды топ	«Переход проезжей части в разное время года» (соблюдение правила безопасности дорожного движения)	Желтоқсан
8	Ортаңғы	«Соблюдение правила безопасного поведения в группе, на прогулке и в природе» (сюжетно-ролевая игра)	Желтоқсан
9	Ортаңғы	«Балалық-даналық» ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойындар	Қаңтар
10	Ересек	«Мен әскерге барамын!» (5 дағдыны кіріктіру)	Қаңтар
11	Мектепалды топ	«Интересное рядом» опытная деятельность	Қаңтар
12	Мектепалды топ	«Артикуляциялық жаттығулар, сөздерге дыбыстық талдау жасау» (ойын-сабақ)	Қаңтар
13	Мектепалды топ	«Игры с инструментальным сопровождением»	Ақпан
14	Ересек	«Сотрудники детского сада «Алия»» (сюжетно-ролевая игра)	Ақпан

15	Ересек	«Қазақ тілім – менің ұлттық мәртебем»	Ақпан
16	Ересек	«Литературные герои» (сюжетно-ролевая игра)	Наурыз
17	Ересек	«Воздух и вода» (экспериментирование, нетрадиционная техника рисования)	Наурыз

### 3.2 БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚ КӨРСЕТІЛІМІ (АҚ), ҚОРЫТЫНДЫ ЕНУЛЕР (ҚЕ) ЕРТЕҢГІЛІКТЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

№	ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ
1	Білім күні, Қала күні, Мұғалімдер күні.	Қыркүйек	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
2	Тіл мерекесі «Ана тілім – айбыным», «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы	Қыркүйек	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
3	«Алтын күз»	Қазан	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
4	Тұңғыш Президент күні, Тәуелсіздік күні	Желтоқсан	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
5	Жаңа жыл	Желтоқсан	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
6	Денсаулық мерекесі «Шымырлық пен шеберлік»	Қаңтар	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
7	«Қыспен қоштасу»	Ақпан	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
8	Аналар мерекесі	Наурыз	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
9	Ұлы Жеңіс күні	Мамыр	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
10	Қалалық байқауларға қатысу «Әкем – асқар тауым»	Сәуір	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
11	Балабақшамен қоштасу	Мамыр	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
12	Балаларды қорғау күні	Маусым	Әдіскер, Саз жетекші, Тәрбиешілер
13	Жазғы сауықтыру кезеңі «Қызыққа толы сәттер» бейнебаян, фотосуреттер байқауы	Маусым-тамыз	

**3.3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (ПК)**  
**№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС (Тамыз 2023ж)**

**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»

№	МАЗМҰНЫ	НЕГІЗДЕМЕ	ЖАУАПТЫЛАР
1	Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»	Есеп беру	Меңгеруші Әдіскер
